

## Қазақстан Республикасының аумағынан газойлдарды әкетудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 ақпандағы № 180 Қаулысы

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 18-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған 2011 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде әкетуге қатысты көлемде сандық шектеулер енгізілетін тауарлардың тізбесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 № 456 Қаулысымен**

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Тәжікстан Республикасына және Қырғыз Республикасына әкету мақсатында газойлдарға берілетін квота заңды тұлғалар а р а с ы н д а б ө л і н с і н .

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.31 N 331, 2011.04.07 N 405, 2011.04.29 № 456 Қаулыларымен.**

3. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігімен келісім бойынша бекітілген тізбеге сәйкес лицензиялар беруді жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға сәйкес газойлдардың әкетілуін б а қ ы л а у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. «Жеңіл дистилляттарды және өнімдерді, керосинді және газойлды әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қазандағы № 1139 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы «және газойлды» деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтағы «және газойлды (коды КО СЭҚ КС 2710 19 410 0 - 2710 19 490 0)» деген сөздер алынып тасталсын.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интерграциялық комитетінің Хатшылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы х а б а р д а р е т с і н .

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2011 жылғы 24 ақпандағы  
 № 180 қаулысымен  
 бекітілген

## Әкетуге қатысты көлемде сандық шектеулер енгізілетін тауарлардың тізбесі

Ескерту. Тізім жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.03.31  
 N 331 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 405,  
 2011.04.29 № 456 Қаулыларымен.

КО СЭҚ ТН коды	Атауы	Көлемі (тоннамен)	Қолданылу мерзімі
2710 19 410 0	Тұрмыстық пеш отынын қоспағанда, басқа мақсаттарға арналған құрамында күкірт көлемі 0,05 мас. % аспайтын газойлдар	165 000	2011 жылғы 1 шілдеге дейін
2710 19 450 0	Тұрмыстық пеш отынын қоспағанда, басқа мақсаттарға арналған құрамында күкірт көлемі 0,05 мас. % асатын, бірақ 0,2 мас. % аспайтын газойлдар		
2710 19 490 0	Тұрмыстық пеш отынын қоспағанда, басқа мақсаттарға арналған құрамында күкірт көлемі 0,2 мас. % асатын газойлдар		

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2011 жылғы 24 ақпандағы  
 № 180 қаулысына  
 қосымша

## Газойлдарға арналған квотаны бөлу

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.31 N 331, 2011.04.07  
 N 405 Қаулыларымен.

Р/с №	Заңды тұлғалардың атауы	Көлемі, тонна
1	«ҚазМұнайГаз - қайта өңдеу және маркетинг» акционерлік қоғам	40 000
2	«Refinery Company RT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50 000
3	«Петро Қазақстан Сауда үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20 000
4	«Литаско С.А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20 000
5	«Санойл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	35 000
	Жиыны:	165 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК